Тұңғыш Президент күні құрметіне 2-бет

Үздік еңбеккерлер марапатталды 3-бет

Өзара тиімді шара 6-бетте

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

Арай

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 50 (7934)
Жұма,
9 желтоқсан 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Ресми бөлім

ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

2 желтоқсан күні аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің төрағалығымен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы өтті. Әкімдік жұмысына аудандық мәслихат хатшысы Д.Бралинов, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағысының бірінші орынбасары Г. Ағажаева, аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округтердің әкімдері және құқыққорғау органдары мен дербес бөлімдердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе - балаларды мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеумен қамтамасыз ету бойынша және 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасының орындалу барысы туралы аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғ. Көшенова баяндады.

- Сапалы мектепалды білім берумен қамтамасыз ету бойынша Мемлекет Басшысының алдымызға қойған міндеті ауданда толықтай жүзеге асырылуда, - деді Ғалия Победақызы. –Бүгінгі таңда ауданда 9 мектепалды мекеме жұмыс жасайды. Оның ішінде: 3 сәбилер балабақшасы, 5 балабақша және білім берудің ерекше тәсілдерін қажет ететін бір арнайы мекеме бар. Балабақшаның бесеуі де «Балапан» бағдарламасы бойынша қызмет етуде. Сонымен қатар, ауданның жалпы білім беретін мектептерінде 35 шағын-орталықтар жұмыс жасайды, олардың 23-і «Балапан» бағдарламасы бойынша. Сондай-ақ, 42 мектепте мектепалды даярлық сыныптары ұйымдастырылған. Мектепалды мекемелердің барлық тәрбиеленушілері медициналық қызметпен қамтамасыз етілген, - деді баяндамашы.

Бұл мәселені талқылау барысында аудан әкімі А.Нұрғожин, келесі жылдан бастап, барлық мектепалды білім беретін мекемелер аудандық білім беру бөлімінің теңгеріміне кіретінін атап өтті. Сонымен қатар, ол қажет ететін ауылдарда шағын орталықтарды толыққүндік ету үшін сараптама жасауды тапсырды.

-Алты жасқа дейінгі әрбір бала мектепалды білім берумен толықтай қамтылуы тиіс, - деді аудан басшысы.

2016 жылғы күзгі орақ науқанының қорытындысы туралы сөз алған ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Р.Байгереев, астық жинау науқаны 63,7 мың.га алқапта жүргізілгенін айтты.

-Дәнді дақылдардың жалпы түсімі 2015 жылмен салыстырғанда 10700 тоннаға артты. Ал картоп пен көкөніс түрлерінің астық көрсеткіштері біршама азайды. Күзгі-дала жұмыстарын жүргізу барысында аудандағы ауылшаруашылық техникалар 99 пайыз дайындығын көрсетіп, толықтай жұмыс жасады, - деді ол.

Сонымен қатар, ақпарат беруші ауылшаруашылық несиелер қайтару бойынша бірқатар қиындықтар бар екенін сөз етті. Мәселен, «Приморское» ЖШС және «АгроДос» ЖШС «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ арқылы форвордтық сатып алу бойынша алған қаржыны уақытында қайтаралмай отырғанын атап өтті.

Аталмыш мәселе бойынша А.Нұрғожин ауылдық округтер әкімдеріне, несиені уақытында қайтару жағдайын бақылауда ұстау үшін, округ аумағындағы шаруа қожалықтардың басшыларымен тығыз қарым-қатынас жасауды тапсырды. Сонымен қатар, Ахметқали Ахашұлы көкөніс өсіру саласындағы жұмыстар нашар жүргізілгендігін сөз етті. Картоп пен көкөніс өсіру көрсеткіштері екі есеге төмендеп кетті. Аудан әкімі ауыл әкімдеріне жеке меншіктегі баубақшалық жерлерінің әлеуетін толық пайдаланып, бос тұрған бақшаларында картоп және өзге де көкөніс түрлерін салып өндіру бойынша тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізулерін тапсырды.

-Біздің аудан ауылшаруашылық аудан болғандықтан, біз әрбір жер үлескесін тиімді пайдаланып, ауылшаруашылық өнімдерінің көрсеткіштерін арттыруымыз қажет, - деді аудан әкімі.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі №482-V «Жұмыспен қамту туралы» Заңының орындалу барысы туралы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Л.Тоқсанова баяндады. Ол ауданның еңбек рыногындағы оңды серпінді көрсетіп тұрған жағдайды айтып өтіп, ауданда «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге сәтті асырылып жатқандығын жеткізді.

-Жұмыссыздықты жою мақсатында бос жұмыс орындар жәрменкелері өткізіліп, қажетті мамандықтар бойынша кәсіптік оқытуға адамдар жіберіледі, - деді Л.Тоқсанова.

Сонымен қатар, баяндамашы жұмыспен қамту бөлімі мен ауылдық округтер әкімдері өзін-өзі қамтып отырған тұрғындармен міндетті түрдегі зейнетақы және медициналық сақтау төлемдері жайлы түсінік жұмыстарын белсенді жүргізуі қажет екендігін атап өтті.

Мобилизациялануға әзірлік бойынша шаралар туралы ауданның қорғаныс істері бойынша бөлім бастығы, подполковник А.Ережепов баяндама жасады. Жыл аяғында бюджет қаражаттарын игеру бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ж.Большманова ақпарат берді. Республикалық, облыстық және аудандық мерзімді басылымдарға жазылу барысы жайлы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы К.Садуов баяндады.

Әкімдік отырысын қорытындылаған аудан әкімі А.Нұрғожин газеттерге жазылу, алдағы ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығын тойлау және жаңа жыл мерекесін тойлау бойынша бірқатар тапсырмалар берді. Ол үздік қар мүсіні байқауын жариялауды тапсырып, бұл істе Балғын және Аршаты ауылдардағы мектептерден үлгі алуды ұсынды.

Отырыстың күн тәртібінде қаралған барлық мәселелер бойынша әкімдіктің тиісті қаулылары қабылданды.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезекті VIII сессиясы 2016 жылы 23 желтоқсанда сағат 11.00-де Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесіндегі №102-үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Депутаттарды тіркеу сағат 09.00-ден бастап жүргізіледі.

Сессияға ұсынылатын күн тәртібі:

1. 2017-2019 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті туралы.
Ж.Большманова - экономика және қаржы бөлімінің басшысы.
2. Ауданымыздағы денсаулық сақтау мекемелерінің тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуі туралы.
С.Байгереева – аудандық орталық ауруханаының бас дәрігері.
3. Мәслихат хатшысының есебі туралы.
Д.Бралинов – аудандық мәслихаттың хатшысы.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тұрақты комиссиялардың отырыстары 2016 жылғы 23 желтоқсанда сағат 09.30-да, тұрақты комиссиялардың біріккен отырыстары сағат 10.00-де Абылайхан көшесіндегі №102-үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Д. Бралинов,
Катонқарағай аудандық мәслихатының хатшысы.

Құрметті оқырмандар!

2015 жылдың 1 мамырынан бастап аудандық «Арай» - «Луч» газеті облыстық «Шығыс ақпарат» ЖШС-нің құрамына енгені өздеріңізге мәлім. Газетке жазылу басталмас бұрын, ЖШС «Арай» - «Луч» газеттерін біріктіру және мемлекеттік және орыс тілдерінде шығару туралы біржақты шешім қабылдаған. Бұл көптеген оқырмандардың наразылығын туындатты. Газетке жазылушылардың мүдделерін ескере отырып, аудан басшылығы жоғарғы органдарға және «Қазпошта» АҚ-ның басшылығына аудандық газетті біріктірмеу жөнінде өтініш хат жолдады. Олар оқырмандар мүддесін және ауылшаруашылық ауданның ерекшелігін ескере отырып, 2017 жылы аудандық газетті бұрынғыдай «Арай» және «Луч» газеттері етіп бөлек-бөлек шығару туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты сіздерге газетке жазылудың тәртібін түсіндірмекпіз. Газетке жазылу осыған дейінгі тәртіппен жалғастырылады, бірақ, қай тілде екені белгіленеді. Сондықтан, газетке жазылуды ресімдеген кезде, басылымның қай тілде екенін және атауын көрсетулеріңізді сұраймыз.

Осы уақытқа дейін газетке жазылып қойған оқырмандардан тұрғылықты мекен-жайлары бойынша пошта бөлімшесіне келіп, аудандық «Арай» - «Луч» газетін қай тілде алғыңыз келетіндігін хабарлауыңызды өтінеміз.

Ал, Үлкен Нарын мен Катонқарағайдағы пошта бөлімшесіне келуге мүмкіндіктері жоқ оқырмандар «Қазпошта» АҚ-ның ***Үлкен Нарындағы бөлімшесіне 2-19-43 (Әсел), Катонқарағайда – 2-13-51 (Алтынай) телефондарына немесе Үлкен Нарындағы редакцияның 2-19-96, Катонқарағайдағы тілшілер қосынының 2-13-71*** *телефондарына хабарласуларына болады.*

Құрметті достар!

Жасалған қолайсыздықтар үшін Сіздерден кешірім өтінеміз. Зор денсаулық, отбасылық бақыт және молшылық тілейміз! Әрдайым аудан жаңалықтарынан хабардар болыңыздар!

Ж. Жақыпов,
аудандық газеттің
бас редакторы.

Аудандық «Арай» – «Луч» газетіне 2017 жылға жазылу жүргізілуде!

Мерекелік репортаж

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚҰРМЕТІНЕ

Ауданның барлық округтерінде ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Олардың бірінде біздің тілшіміз болды. Оқырмандар назарына оның репортажын ұсынамыз.

Алтайэнерго аумағына күннің суығына қарамастан, Тұңғыш Президент күнін атап өтуге аудан орталығының көптеген тұрғындары мен қонақтары жиналды.

Мереке «Елім менің Қазақстан» әнінің әуенімен орындалған бимен ашылды. Оны мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жас қызметкерлері орындады. Жетекшісі – Анар Қалдаева. Әнді аудандық мәдениет үйінің әртістері Мақпал Мұқамжар, Қанила Оразбек, Медет Қалиқайдар, Раджан Ерболов, Ербол Құсайынов орындады.

Салтанатты митингті ашып жүргізгендер – балалар музыка мектебінің директоры Қайрат Нұрғазиев, аудандық Мәдениет үйінің әртісі Медет Қалиқайдар, «Балбөбек» балабақшасының тәрбиешісі Наргүл Нұрсейітова ауылдықтарды құттықтап, сөзді аудан әкімі А.А. Нұрғожинге берді. Ахметқали Ахашұлы мерекеге қатысушыларды құттықтады. Ол өз сөзінде бұл мерекенің негізіне 1991 жылдың 1 желтоқсанында болған оқиға оның алғышарты болғандығын, нәтижесінде бүкілхалықтық алғашқы сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ КСР Президенті болып қайта сайланғанын және Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында біздің еліміз таяуда өз Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтетіндігін, сондай-ақ, осы жылдарда республикамыз әлеуметтік - экономикалық дамуда зор жетістіктерге қол жеткізгендігін атап өтті.

Сондай-ақ, митингте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.С. Тұрысбаев, Үлкен Нарындағы Ленин атындағы орта мектептің алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушысы В.Н. Никифоров, аудандық «ЕК.Согр» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерасыл Қайратұлы құттықтады.

Аграрлық-техникалық колледж студенттері ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығын білдіретін эмблемалармен «Энергетика будущего» флеш-мобын биледі. Шығармашылық үйінің тәрбиеленушілері Анар Қалдаеваның жетекшілігімен «Иә, солай!» би композициясын көрсетті.

Патриоттық тақырыпқа ән орындау сайысында Қ. Дамитов атындағы орта мектеп мұғалімдері Айнұр Бағдәулетова, Айман Зарлыханова бірінші орынды, екінші орынды Қазақстан Тәуелсіздігінің құрдасы, аграрлық-техникалық колледж оқытушысы Ерасыл Қошпанов, үшінші орынды Дамитов атындағы орта мектеп мұғалімдері Сырым Күдерин, Дархан Мұратов және Салық Мұсрап иеленді.

Арқан тарту сайысында жанкүйерлер көп болды. Мұнда ерлер арасында №36 өрт сөндіру бөлімінің командасы жеңімпаз атанды (капитаны – қарауыл бастығы Қанат Ғабитханов). Әйелдер арасында Қ. Дамитов мектебінің командасы жеңіске жетті (капитаны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Қабдікәрімова).

Мерекелік дастарханда сайысы болды. Мұнда бірінші орынды қорғаныс істері бөлімі иеленді. Екінші орынды – Орталық аурухана, үшінші орынды – тарихи өлкетану мұражайы иеленді. Жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен аудандық әкімдік ынталандыру сыйлығына ие болды.

«Тау басындағы жүлдені ал» сайысында ерлер арасында БЖСМ жаттықтырушысы Алмат Қуандықов жүлдегер атанса, әйелдер арасында аграрлық-техникалық колледжден Сабина Ғабитова жеңіске қол жеткізді.

Мерекеде «Шаңғы шақырады» мау сымы ашылды. Шаңғыдан жарыс ұйымдастырылды (бас төреші – Вячеслав Малахов, хатшысы – Любовь Лисовцева).

Жас ерекшеліктеріне қарай, сайыс та ерлер және жасөспірімдер арасында Мансұр Айгербаев, Серік Сіләмов, Ерік Сіләмов, Серік Кәсенов, Ербол Құсайынов жеңімпаз атанды. Қыздар мен әйелдер арасында – Айсұлу Марат, Айжан Жанпейісова, Айжан Бөлекпаева, Қарлығаш Қырықпаева, Клавдия Куклова жеңімпаз атанды.

Жүлдегерлердің барлығы естелік сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды.

Александр Мартынов.

Суреттерде: қорғаныс істері бойынша бөлім ұжымы; ӨБ №36 командасы; шаңғы сайысының жүлдегерлері – Ленин а.о.м. ұстаздары мен оқушылары, ортада жарыстың бас төрешісі В. Малахов.

Біздің даңқты жерлестеріміз

БОШАЙ АҒАНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ

3 желтоқсан күні Новоберезовка орта мектебінде, Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері, Ленин атындағы ұжымшардың төрағасы болған жерлесіміз Бошай Кітапбайұлы Кітапбаевты еске алуға арналған еркін күрестен облыстық турнир өткізілді.

Бошай Кітапбаев 1923 жылы Катонқарағай ауданының Жаңаулгі ауылында дүниеге келген. 1941-1944 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысып, жаралы болып оралған жауынгер 1945 жылдың сәуір айынан бастап Катонқарағай аудандық атқару комитетінің хатшысы міндетіне тағайындалды. Осы жауапты міндетті бес жыл қатарынан атқарды. 1950 жылы Зайсан аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне келгенінде, аталған өңірдің талай жастарын тәрбиелеп, батыл қадамдар жасау арқылы жастардың бойында жауапкершілік міндеттерін қалыптастыра білді. 1955 жылы Бошай Кітапбайұлы В.И. Ленин атындағы ұжымшарды (орталығы Новоберезовка, қазіргі Алтынбел) басқаруға тағайындалды. Оның басшылығымен ұжымшар ауданда ғана емес облыста да үздіктердің бірі атанды. Жылдан жылға мұнда ауылшаруашылық өнім өндірісі артып, ауыл келбеті жақсарды. Ұжымшардың жұмысын дұрыс жолға қоя отырып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін Бошай Кітапбаевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының 1971 жылдың 8 сәуіріндегі Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріледі. Сондай-ақ, ол «Ленин», «Октябрь Революциясы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. КПСС-тің XXV съезінің құрметті делегаты. Белгілі атбегі, көкірегі толған ән мен жыр, бірнеше танымдық және «Шежіре», «Тоғыз таңбалы найман», «Айта-айта Алтайды, Бошай ата қартайды» атты кітаптардың авторы. Шығыс-Қазақстан облысының және Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы болған.

Еске алу турнирына аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Оразхан Тұрысбаев, әйгілі жерлесіміздің ұрпақтары, оның ішінде ұлы – Марат Кітапбаев, туысы Серік Қанапинов және Бошай ағамыздың көзін көрген, қоластында жұмыс жасаған көптеген жерлестері қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімі А.Нұрғожин мағыналы өмір иесі - Бошай Кітапбаевтың аудан дамуына сіңірген еңбектерін, туған жерінде қалдырған ізін ерекше атап өтті.

-Өскелен ұрпаққа осындай әйгілі жерлесіміздің өмір жолы арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік, патриотизм, еңбекқорлық және қайраттылық сынды қасиеттерді сіңдіруіміз қажет. Сондықтан, Бошай Кітапбаевты еске алу турниры дәстүрлі болып, жылсайын өткізілетін болады, - деп, аудан әкімі жарысқа қатысушы-спортшыларға сәттілік және жеңіс тіледі.

Онан соң сөз кезегін алған Б.Кітапбаевтың ұлы – Өскемен қаласынан келген Марат Кітапбаев, осындай турнир өткізіп, осы жерде ең табысты еңбек жылдарын өткізген әкелерін ұмытпай құрмет көрсетіп отырған аудан басшылығына, жергілікті тұрғындарға Бошай ағаның ұрпақтары атынан ризашылығын білдірді.

Б.Кітапбаевты еске алу турнирына 2002-2005 жылы туылған жасөспірімдер



қатысты. Жарыста Зырян ауданы, Үлкен Нарын, Солоновка, Алтынбел, Солдатово ауылдық округтерінен келген 95 күресші күш сынасты. 26 мен 58 килограмм аралығында 11 салмақтық дәреже бойынша күрескен жас спортшылар қызықты да тартысты жекпе-жектер көрсетті.

Нәтижесінде өзінің салмақ дәрежесінде жаурыны жерге тимей жеңімпаз атанғандар: 26 килограмм салмақтық дәрежеде Ратмир Оналбаев(Зырян,) 29 кг - Шыңғыс Малғажин (Үлкен Нарын), 32 кг – Алдияр Орынбаев (Солдатово), 35 кг – Еркебұлан Берікбосынов (Алтынбел), 38 кг – Мансұр Бердібек (Алтынбел), 42 кг – Диас Масалиев (Көктерек), 46 кг – Александр Лещенко (Зырян), 50 кг – Ильяс Ахмадиев (Алтынбел), 54 кг – Айдын Тілеубердинов (Алтынбел), 58 кг – Есентай Бейісбек (Алтынбел), қыздар арасында 40 кг салмақ дәрежесінде улкеннарындық Екатерина Шербей жеңіске жетті. Жалпы командалық есеп бойынша Алтынбел ауылының жас балуандары бірінші орынды иеленіп, облыстық турнирдің ауыспалы Кубогына ие болды.

I, II, III орын иеленген спортшылар аудан әкімінің мадақтама қағазымен және тиісті дәрежедегі медальдармен марапатталды.

Аталмыш турнир жоғары деңгейде өтуіне Алтынбел ауылдық округ әкімдігінің және жергілікті мектеп ұжымдары белсене атсалысты.

Мұндай турнирлар ауданда спорт дамуына ықпал етуімен қатар, дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді. Барлық қатысушылар қызықты жекпе-жектер мен жоғары нәтиже көрсетіп, өз ауылдарының намысын қорғай білді, - деді БЖСМ-нің еркін күрес бойынша бас жаттықтырушысы Ернар Омаров.

Жанар Қасымханова.

Сурет автордікі.

Мерекелер

ҮЗДІК ЕҢБЕККЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы еңбеккерлері күні – кәсіби мереке құрметіне 2 желтоқсанда аудандық Мәдениет үйінде өткен салтанатты жиында адал еңбектерімен ұлттық байлығымыз – табиғи азық-түлікті өндіруші еңбек адамдарына ризашылығымызды білдіруге мүмкіндік туды. Мерекенің кейіпкерлері – жер өңдеушілер мен малшылар, маралшылар мен омарташылар, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеушілер. Олардың арасында аграрлық өндірістің ардагерлері, бұрынғы кеңшарлардың директорлары, бөлімше басқарушылары және ұжымшарлардың өндірістік учаскелерінің меңгерушілері, сондай-ақ, жер өңдеушілер дәстүрін жалғастырушы аграрлық-техникалық колледждің студенттері болды.

Мереке құрметіне аудандық Мәдениет үйінің фойесінде ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінің, «Катонқарағай аудандық ветеринарлық қызмет» КМК, сондай-ақ, «Катонқарағай несиелік серіктестігінің», агротехникалық колледждің күшімен ауданның ауылшаруашылығы саласының жетістіктері көрсетілген көрме ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Әнұраны ойнаған соң, жиналғандарды аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтады.

-Еліміздің халық шаруашылығының негізгі саласына арналған бүгінгі шара – егістіктер мен фермалардың еңбеккерлері күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өткелі отыр,- деді ол.

Ұлт тамыры – ауыл және біздің халқымыздың тағдыры онымен тығыз байланысты. Аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың, жер өңдеу мәдениетін жақсартудың, ағымдағы жылғы қолайлы ауа-райының және ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің ерен еңбегі арқасында, аудан диханшылары биылғы жылы рекордтық өнім алды. Дәнді дақылдардың орташа өнімділігі әр гектардан 19,4 центнерді құраса, күнбағыс өнімділігі – 16,4 центнер болды. Мемлекет тарапынан асыл тұқымды мал шаруашылықтарына, мал шаруашылығы өнімін өндіруге, егістікке пайдаланылатын жанар-жағар май, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер мен басқа да тауарлы-материалдық құндылықтар бағасын арзандату мақсатында жәрдемқаржы бөлу бойынша жан-жақты қолдау көрсетуде.

Жыл басынан бері ауданның ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне 183 млн. теңгеден астам жәрдемқаржы берілді. «Қазагроқаржы» АҚ және басқа да қаржы көздері арқылы жалпы сомасы 490 млн. теңгеге ауылшаруашылығы техникалары сатып алынды.

Аграрлық секторды даму қарқынын арттыру және тұрақтандыруда мал шаруашылығын дамытуға бағытталған «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларын, сондай-ақ, «Ауылшаруашылығы кооперациялары туралы» ҚР Заңын жүзеге асырудың маңызы өте зор. Тек, «Катонқарағай АНС» арқылы ғана жалпы сомасы 159,7 млн. теңгені құрайтын 26 жоба, ал «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жалпы сомасы 53,7 млн. теңгені құрайтын 26 жоба жүзеге асырылды. «Самай» ШҚ негізінде (басшысы Зияда Мәлік) сүт қабылдау пункті ашылды. 4 ауылшаруашылық кооперативтері құрылды. Олардың ішінде «Катонқарағай нектары» АШӨК-нің маңызы ерекше (төрағасы Д. Тумашинов) бұл кооператив ауданның омарташылық саласын дамытуға өз инвестициясы есебінен 70 млн. теңге жұмсады.

Егістіктер мен фермалардағы өнімділікті арттыруда ауылдық жерлерде құрылған мықты жеке меншік шаруашылықтар мен нағыз жер иелерінің ықпалы өте зор. Олар тек өз игіліктері үшін ғана еңбек етіп қоймай, жерлестерін де жұмыспен қамтиды.

Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, сіздердің еңбектеріңізге зор ризашылығымды білдіремін,- деді аудан әкімі.

Онан соң, ауданның ауылшаруашылығы саласының үздік еңбеккерлерін марапаттау рәсімі басталды.

Облыс әкімінің орынбасары Дүйсенғазы Мусиннің Алғыс хаттарымен аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков, Белқарағай ауылдық округінен «Өрнек» ШҚ басшысы Төлепберді Елшібеков, Алтынбел ауылдық округінен «Найман» ШҚ комбайнері Құдайберген Азбаев, Жамбыл ауылдық округінен «Еркебұлан» ШҚ басшысы Ерік Әміренов, ҚР АШМ аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Серік Қырықпаев, Солоновка ауылдық округінен «Ақжол» ШҚ механизаторы Иван Самойлов марапатталды. Сондай-ақ, облыстық ветеринария басқармасының Құрмет грамотасымен Аққайнар ауылдық округі ветеринарлық пункітінің меңгерушісі Мұратқан Құманов марапатталды.

Адал еңбегі және кәсіби мереке құрметіне облыстық ауылшаруашылығы басқармасының Құрмет грамоталарымен, аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен ауданның агроөндірістік кешенінің бірқатар үздік еңбеккерлері марапатталды.

Салтанатты шара барысында егістіктер мен ауылшаруашылығы еңбеккерлері үшін облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Қонысбай Төлеубековтың бейнеқұттықтауы көрсетілді.

-Ауылшаруашылығы саласы - тек өңіріміздің ғана емес, бүкіл еліміздің экономикасын құраушы маңызды салалардың бірі. Ел Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында бірқатар маңызды мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, жылдан-жылға ауылшаруашылығы саласын қаржыландыру арта түсуде. Мұның барлығы бізге, болашаққа зор үмітпен қарауға ықпал етуде,- деді өз сөзінде ауданның Құрметті азаматы, «Найман» ШҚ басшысы Жиенбол Старшинаев (Алтынбел а.о.), Коробиха ауылдық округінен «Михаил» ШҚ басшысы Николай Чупин, «Катонқарағай АНС» ЖШС-нің төрайымы Айтжамал Карина, Жамбыл ауылдық округінен «Жомарт» ШҚ басшысы Жомартхан Абраимов.

Ауылшаруашылығы еңбеккерлеріне «Нарын сазы», «Сударушки» фольклорлық топтары, Ленин атындағы мектептен «Непоседы» балалар ансамблі, Шығармашылық үйінен «Еркеназ» және Солдатово орта мектебінен би топтары, Әйгерім және Немерехан Дәулетхан, Медет Қалиқайдар, Раджан Ерболов, Қайрат Нұрғазиев музыкалық құттықтауларын жолдады.

Бұл күні мерекеге қатысушылар аудан басшысының жылы сөзі және тамаша концерттік бағдарлама біздің әрқайсымызды жаңа жетістіктерге ұмтылуға жетелейді деді.

Татьяна Самойлова,
Сурет Бақытжан Базархановтікі.

Облыс орталығында ауылшаруашылығы еңбеккерлері күні құрметіне өткен салтанатты жиында Солдатово ауылдық округіндегі «Калинин» ЖШС-нің механизаторы Евгений Иванович Зайферт ҚР ауылшаруашылығы Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ағымдағы жылы ол 9 мың центнер дән бастырды – ол аудандағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Рақымғали Қалаубайұлы Байгереев облыс әкімі Даниал Ахметовтың Алғыс хатымен марапатталды.

Биылғы жылы жаңа технологияларды қолдана отырып, «Калинин» ЖШС, «Жас қанат», «Диас», «Найман», «Сүтбай», «Үміт», «Селигер», «Қаражал» ШҚ-лары, «Таулы Восток» ЖШС-і және басқалар жақсы жетістіктерге қол жеткізді.

Біздің ауданымыз марал және бұғы саны бойынша тек облыста ғана емес, республика көлемінде де алдыңғы орындардың бірінде. Аудандағы 11 шаруашылықта 6 мың бас маралдар мен теңбіл бұғылар бар, жылына 9 тоннаға таяу шикі және 3 тоннаға таяу консервіленген панты алынады. Алты шаруашылық асыл тұқымды шаруашылық мәртебесін иеленген.

ӨНЕРЛЕРІМЕН АУЫЛДЫ БІР СЕРПІЛТТІ

Өткен аптада Шыңғыстай ауылының өнерсүйер қауымы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің орынбасары Бауыржан Мәкішев пен осы округтің ардагерлер кеңесінің төрағасы, белгілі ақын Жәнібек Қызыр бастап келген 60-80 жас аралығындағы ардагерлердің өнерлеріне тәнті болды. Тұңғыш Президентіміздің Күні мен ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына 25 ардагердің жасаған бұл тартуы көрермендердің рухын көтеріп, шаттыққа бөледі. Бастан-аяқ өлеңмен өрілген концерттік бағдарламаның сценарийі де көптен бері ел алдына шықпаған, бұрын мұндай өнерлерімен танылмаған ағаларымыз бен апаларымызды шабыттандырып, сахна төрінде құлпыртып жіберді. Мерекелік кештің шымылдығын Жәнібек Қызыр ашып бергеннен кейін, Бауыржан Мәкішев шыңғыстайлықтарды алдағы келе жатқан қос бірдей мерекемен шын жүректен құттықтады. Округтегі өнер иелерінің алғаш рет бастарын біріктіріп, көпшілікке осындай қуаныш сыйлау жөнінде бастама көтерген ардагерлер кеңесін ауыл әкімі Амантай Балтабаевтың да қызу қолдап отырғандығын айтып өтті. Бұдан соң кешті жүргізушілер Ерсайын Нүрсеев пен Майра Қасымованың хабарлауымен әншілер мен бишілер, термешілер көп алдына шығып, көрермендерін қызыққа бөледі.

Сексеннен асқан суырыпсалма ақын, жақ жоқ шешен Тоқтарбай Құсайыновтың айтқан арнау өлеңін жиналған қауым ұйып тыңдап, ду қол соқты. Жәнібек Қызырдың «Тәуелсізбін» өлеңін өз нақышымен мәнерлеп оқыған Рымжан Бұтабаева, «Елім менің» әнін шырқаған Төлен Мерғазиннің зор дауысы әр жүрекке елге, жерге, жалпы Отанға деген мақтаныш сезімін ұялатты. Қазақтың дәстүрлі әндерін орындаған Клара Қабдуәлиева, Венера Танаова, Шәризат Нүрсәлиева, Нүрбәну Толықбаева, Қамбархан Жұртбаев, Ұлжан Мерғазина, Қабдол Мәмиев, Ерсайын Нүрсеев, Іңкәр Тұрбаева, ерлі – зайыпты Аманжан мен Бақтина Нұқсара, Мақұлбек Баянғазин өнерді өмір бойы кәсіп етіп жүрген әртістерден бір де кем түскен жоқ. «Бір жас бар» атты термені домбырамен орындаған Төлеген Көкенов, «Қазақ биін» билеген Галина Ибраимова, «Өзбек биімен» сахнаға шыққан Бақты Латиева өз өнерлерімен көпшіліктің жүректерін баурап алды. Роза Исина, Айжан Қошпанова да әжелердің вокалды топтарының ажары болды.

Еңбек ардагерлері Күләми Қызырова мен Марат Панинов қазақтың «Қара жорға» биімен сахнаға шыққанда, көрермендер оларға еріп билеп кетті.

Мерекелік концерттің соңында «Атамекен» әні хормен орындалғанда, бүкіл зал орындарынан тік тұрды.

Елдік туын көтеріп жүрген ақ самайлы ағалар мен ақ жаулықты аналардың арқасында шыңғыстайлықтар көп жылдан бері ауылдарында болмаған осындай тамаша бір мерекелік кештің қызықтарына кенелді. Концерт соңында ауылдың беделді ақсақалы Амантай Қысекин мен Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі директорының міндетін атқарушы Ақтоты Кәсенуәлиева жерлестері атынан үйде отырған өнерлі адамдардың бастарын қосып, өнер ұжымын құрған ауылдық ардагерлер кеңесіне, ауыл әкімдігіне, концертке қатысқан ардагерлерге жүрек түкпірінде жатқан алғыс сезімдерін білдіріп, құтты қадам, ұзақ өмір, баянды бақыт тіледі.

А. Сәрсенбина,
Әбдікерім атындағы Шыңғыстай
орта мектебінің мұғалім-психологы.

МАЛ БАСЫ ӨСІП КЕЛЕДІ, БІРАҚ...

Катонқарағай ауылдық округіндегі ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілердің дені отбасылық шаруа қожалықтары мен өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған тұрғындар. Жер және табиғат жағдайларына байланысты өндірістің осы жолын таңдап, еңбек етіп отырғандардың саны бүгінде округте 212-ге жетіп отыр. Тау қойнауындағы «Сарытақтай», «Сарықора», «Терісбұлақ», «Шөгел», «Маралқашқан», «Тау арты» сияқты телімдердегі бұрынғы кеңшардан қалған мал қоралары мен үйлерді немесе өздері жаңадан салып алған шаруашылық құрылыстарды жұмыс орындары еткен шаруа қожалықтары төрт түлік малдарын өсіріп, тонналап ет, қымыз өндіріп отбастары мен әулеттерінің нәпақасын тек қана өздерінің маңдай терлерімен тауып отыр. Жылдан-жылға табыстарын молайтып, материалдық-техникалық базаларын жақсартып отырғандардың қатарында «Атамекен» (басшысы Т. Бәкімбаев), «Рустам» (Т. Смамағзұмов), «Терісбұлақ» (Р. Әлкенов), «Қарашоқы» (Қ. Шыныбаев), «Тілек» (Б.Жүнісов), «Самал» (Б. Баекин), «Елдар» (Қ. Сүлейменов) тағы басқалар бар. Аталған шаруашылықтарда мал өнімділігін арттыруда өздеріне тиімді екі жолды - селекциялық жұмыстарды жақсартуды және мықты мал азығы қорын жасауды таңдаған. Мәселен, «Атамекен» мен «Рустам» шаруа қожалықтары қазақтың ақбас тұқымды сиырларын өсіруді қолға алса, «Терісбұлақ» орыстың етті және желісті, «Қарашоқы» мен «Елдар» «жабы» тұқымды жылқыларын көбейтуде.

-Осыдан үш жыл бұрын,-дейді Т. Бәкімбаев. -Күршім ауданындағы «Көкжал» шаруа қожалығынан 70 бас қазақтың ақбас сиырларының тайыншаларын сатып әкелгенмін. Біздің жері таулы, қысы қытымыр ауа-райы жағдайымызға асыл тұқымды малдар тез жақсы бейімделіп кетті. Бүгінде олардың саны 110 басқа жетіп отыр. Яғни, екі жыл қатарынан төлді жақсы берді. Жазда Тарбағатай жайлауына апарып, семіртіп келдік. Үстіміздегі қыстан да жақсы шығамыз деген үмітіміз бар. Жем-шөп қоры жеткілікті. Шөп те, жем де, пішендеме де мол. Барлығын өзіміз дайындап алдық.

«Терісбұлақ» шаруа қожалығы да селекциялық жұмысты батыл қолға алып отыр. Екі жылда бір рет аудан ішіндегі шаруашылықтардан айғырларды ауыстырып алып, жылқы үйірлерінің ұсақталып кетпеуіне зор көңіл бөледі.

Биылғы қыс Катонқарағай өңірінде қырсық мінез көрсетіп тұр. Жиі жауған қары мен шыңылтыр аязы малшылардың мазасын алуда. Оның үстіне малды - ауыл атын атауға сескеніп, «терісауыз» атап кеткен қасқырлар да қыстақтарды тори бастады. Алайда, катонқарағайлық малшылар өз істеріне бекем. Бірі - далада тебінде бағылатын мал соңында жүрсе, екіншісі - қорадағы бұзауторпақтар мен жабағы тайлардың күтімімен айналысуда.

Катонқарағай малды өңір. Шаруа қожалықтарын былай қойғанда, ауылдағы әрбір үйде кемінде екі-үш мүйізді ірі-қара мен бір-екі, жылқыдан, бірнеше ұсақ малдан бар. Ал, жалпы мұндағы мал иелеріне ортақ бір қиындық сол, ол - өндірген мал өнімдерін уақытында, дұрыс бағаға өткізе алмайтындығы. Қаншама күш-жігер, қаржы жұмсап өндірген өнімдерінің қайтарымының жоқтығы немесе аздығы. Екі-үш жыл бағып-қаққан малдарының етінің үшайлық қиярдың немесе бір құты әтірдің құнына ғана татитындығы.

Ж. Қабдуәлиев.

АУРУХАНАДА ӨТКЕН «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

«Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеуге байланысты «Ашық есік күнін» өткізу жөніндегі №1029 бұйрығын орындау мақсатында Катонқарағай ауданаралық ауруханасында өткен қараша айының 28 мен 30 жұлдызы аралығында бес жүзден астам өңір тұрғындарына тегін медициналық қызметтер көрсетілді. Атап айтқанда, 200 адам зертханада, 157- УЗИ-ден, 42-ЭКГ-дан, 18-рентгенографиядан тексерулерден өтті. 219 адам дәрігер-терапевтің қабылдауында болып, ауруларының диагнозын анықтатып, ем тағайындатты.

- Ашық есік күнінде,-дейді емхана меңгерушісі Маргарита Нұржақыпова, -әсіресе, шет ауылдардан келушілер көп болды. Оларға жоғарыда аталған қызмет түріндегі мамандар мінсіз қызмет көрсете алды. Келушілердің бірі ұжымымызға өз ризашылықтарын ауызша білдірсе, енді бірі жазбаша да алғыстарын қалдырды. Мәселен, Барлық ауылының тұрғыны Елена Белик:

-Мен бес жылдан бері осындағы дәрігер-терапевтің есебінде тұрамын. Олардың қызметіне ешқандай да шағым-ренішім жоқ. Ауруымның диагнозын дәлме-дәл қойып, дұрыс емдеп келеді. Сондай-ақ, зертхана қызметкерлеріне де айтар алғысым көп. Шалғай ауылда тұрғандықтан Катонқарағайға қабылдау уақытынан едәуір кешігіп келгенімізбен, анализімізді тапсырмай, оның нәтижесін сол күні алмай, үйімізге қайтпаймыз,- десе, қабырғалық Ернісова Катонқарағай ауданаралық ауруханасында жиі өткізіліп тұратын осындай медициналық шаралардың арқасында өз басының көп жеңілдіктер көріп отырғандығын айтады.

Өз тілшіміз.

НИЕТ БОЛСА...

Үлкен Нарыннан жеке кәсіпкер Салтанат Бәдисолтанова шаштараз мамандығын Семейдегі ет және сүт өндірісі бойынша технологиялық институтта оқып жүргенде-ақ меңгерген.

-Мен экономика факультетінде студент бола жүріп, бізді шаштараз және тігін ісіне үйреткен курстарға да қатыстым. Бұл 1993 жылы еді. Ал, 1995- 2007 жылдарда мен біздің ауданымыздағы жұмыспен қамту бөлімінде жұмыс істедім. Онан соң, кәсіпкерлікпен айналысуға бел будым. Дәл осы жерде маған жоғарыдағы курстарда алған мамандығым іске асты. Біз жұбайым Арыстанбек екеуміз ағаларым Бақытжан, Бауыржан, Зерғасыр және Арыстанбектің ағасы Қайыржанмен бірлесіп, үйіміздің ауласына шаштараз ғимаратын салдық. Оны «Әсемдік салоны» деп атадық.

Құрылысқа несие алған жоқпыз, қолда бар қаржымыз жеткілікті болды,- деді Салтанат.

Биылғы көктемде Бәдисолтановтар шаштараз ғимаратына қатарластырып басқа да құрылысты жүргізді.

-Бұл үшін банктен қысқа мерзімді несиелер алдық. Жұмысқа 11 сыныпта оқитын ұлымыз Абылайды жұмылдырдық. Ол әкесі Арыстанбекпен бірлесіп, салынған ғимараттың ішін әрлеумен айналысты. Баланы мұндай жұмысқа тартудың пайдасы үлкен: біріншіден ол жастайынан жұмысқа дағдыланады, екіншіден ата-ана үшін де зор көмек,- дейді Салтанат.

Расында да, баланың жастайынан жұмысшы мамандығын игергені жақсы. Өйткені, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» Жолдауында жастарды жұмысшы мамандығын белсенді игеруге шақырған.

-2017 жылдың көктемінен бастап жаңадан салынған ғимаратта сауда үйін ашпақпыз. Мұнда кәсіпкерлерге сауда нүктелерін ашу үшін бөлмелерді жалға береміз,- деді С. Бәдисолтанова.

Ал әзірге, ол өзінің іс-қызметін шаштараз ретінде жалғастыруда.

-Қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсетуге тырысамын. Мен жасаған шаш үлгісі қызмет алушыға ұнаса, өзіме де жағымды ғой. Адамдарға қолайлы уақытта жұмыс істей беремін. Яғни, демалыс күндерінде де, кейде тіпті түнге дейін. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері, кәсіпкерлікпен шұғылдану үшін барлық жағдайлар жасалған. Тек, ниет болса болғаны.

Бизнесімізді дамыту үшін құрылыс жүргізгенде көрсеткен зор қолдаулары үшін туған-туысқандарыма ризамын. Оларды және бүкіл ауылдастарымды ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын,- деді әңгіме соңында Салтанат.

Александр Мартынов,
Суретте: Салтанат Бәдисолтанова
жұмыс үстінде.

Жәрмеңкелер

ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАМЕН

Ағымдағы жылдың 3 желтоқсанында облыс орталығында біздің ауданымыздың ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтті. Жол ауыртпалығына қарамастан, барлық ауылдық округтерден кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары қалалықтар үшін әртүрлі ауылшаруашылық өнімдерін ұсынды.

Бұл күні Өскемен қаласының көптеген тұрғындары дәмі мен сапасы ерекше катонқарағайлық бал мен етті сатып алды.

Жәрмеңкеде бір-бір тонна жылқы мен қой, 400 кг шошқа еті саудаланды. Үш тонна сиыр етінің әрбір килограмы 900-1100 теңге аралығында саудаланды.

Алтайдың сапалы балының әрбір килограмы 900 теңгеден, қымыздың әрбір литрі – 400 теңгеден, қазының әрбір килограмы 1,5 мың теңгеден сатылды. Сондай-ақ, қалалықтарға 150 қаз бен үйрек еті, сүт өнімдері, құрт пен ірімшік және басқа да ауылшаруашылық өнімдері ұсынылды.

Катонқарағайлықтардың ауылшаруашылық жәрмеңкесінде облыс әкімінің орынбасары Дүйсенғазы Мусин мен облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Қонысбай Төлеубеков болып, жақсы баға берді. Жалпы, қалалықтар облыс басшылығы мен Катонқарағай ауданының тауар өндірушілері атына ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз.

ӨЗАРА ТИІМДІ ШАРА

2 желтоқсан күні Үлкен Нарын ауылының орталық алаңында, аудан әкімдігінің бастамасымен ауылшаруашылық жәрменке өткізілді. Шара ұйымдастырушысы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі.

Аязды күнге қарамай жәрменкеде кісілер қарасы көп болып, сауда қызу жүріп жатты. Ауданның әрбір округінен әкелінген жергілікті шаруа қожалықтар мен жеке кәсіпкерлердің табиғи, адам ағзасына пайдалы да дәмді ауылшаруашылық өнімдерінің мол ассортименті алдағы мерекелер қарсаңында үлкеннарындықтарды қуантты. Алаңда орнатылған сауда шатырларында ет және сүт өнімдері, бал, қымыз, өсімдік майы, мал азығы, тоқылған бұйымдар тиімді бағамен саудаланды. Әсіресе, ет сатып тұрған шатыр алдында сатып алушылар көп болды. Ерекше сұраныста қой, сиыр еті және жылқының қазысы болды. Ет өнімдерін Новополяковка және Үлкен Нарын ауылдық округтерінен «Алюетова» ЖК, Жамбыл ауылдық округінен Жомарт Абраимовтың ШҚ-ы ұсынды.

Сонымен қатар, «Ақсу-ДЭЕН» ЖШС-і өнімдері саудаланған орын қасында сатып алушылар қарасы көп болып, емдік шөптерден жасалған бальзамдар, пантокрин және басқа да емдік қасиеті бар өнімдерді сатып алып жатты.

-Бұл шара тұрғындарға өте тиімді, - деп Үлкен Нарын ауылының тұрғыны Галина Алисейко жерменкеден алған әсерімен бөлісті. -Мен 1000 теңгеден 10 килограмға жуық сиыр етін сатып алдым, ал дүкенде оның бағасы бұдан біршама қымбат. Сондықтан, жергілікті билікке мұндай мүмкіндік үшін алғыс білдіремін. Ауылшаруашылық өнімдерді арзан бағамен саудаланатын осындай жәрменкелер жиі ұйымдастырылып тұрса екен деп ойлаймын.

Аудан әкімдігі мұндай жәрменкені жергілікті ауылшаруашылық тауарөндірішілер пайдасы үшін де өткізеді. Мұнда олар қосымша шығынсыз өз өнімдерін өткізе алады.

-Мұндай шаралар өзара тиімді, - дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің мамандары. –Өндірушілерге өнімін өткізу, ал сатып алушыларға сапалы, таза өнімдерді сатып алу мүмкіндігі жасалады. Айта кетерлігі, тауарөндірушілер әрқашан біздің өтініштерімізді қабыл етіп, өнімдерін арзан бағамен саудалайды.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Табиғат және біз

Жаңа жыл тарихын білесіз бе?

Жаңа жылды шыршамен қарсы алу - көшпелілер дәстүрі ме? Жаңа жылдың сәні болып табылатын мәңгі жасыл ағаш – шыршаның бүгінде әрбіріміздің үйімізде ойыншықтармен безендіріліп, төрде орын алатыны шындық.

Табиғаттың сыйы, қысы-жазы бір түстен айнымайтын қылқан жапырақты ағашты сәндеп, Жаңа жылға дайындау желтоқсан айының екінші жартысынан-ақ қызу жүре бастайды.

Ертеде, сонау көне дәуірлерде адамдар надандықтың салдарынан Құдай деп пұтқа табынғаны белгілі. Әркім өзі қалаған «Құдайын» қолдан жасап алатын болған. Әсіресе, мәңгі жасыл қалпынан айнымайтын ағаштар адамдардың ерекше құрметін туғызып,Құдайдың бейнесі ретінде қабылданды. Сонымен, олар әуелде орманға барып, мәңгі жасыл ағашқа табынатын. Оған түрлі әшекейлер іліп, сәндеп қоятын болған. Кейін келе шыршаны үйлеріне әкеліп, ошақ басындағы ең құрметті орын – төрге отырғызатын болды. Жылдар жылжып, заман өте келе, бұл жаппай дәстүрге айналып, мажусилердің өмір салтының ажырамас бөлігіне айналды. Түрлі тарихи басылымдарда Жаңа жылда әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін ресейліктер 1700 жылы қаңтардың бірінде I Петрдің енгізгені, дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталғаны, I Петрдің өзі басқарған мейрамның таңға дейін созылғандығы туралы жазылады.

Кеңес дәуірінде де Жаңа жыл ерекше тойланатын... Желтоқсанның 25-і, Исаның туған күні делініп, Жаңа жылды Юлиан күнтізбесі бойынша тойлаған деген де дерек бар. Тағы бір қызығы, бірқатар этнограф тарихшылар қыпшақтарда да шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады. Оған дәлел - Мұрат Әжінің «Қыпшақтар» атты кітабында «Шыршалар мерекесі» атты тарау бар. Онда әуелде бұл мереке Құдайлар мен аруақтар мекені – жер шарының кіндігінде тіршілік ететін жер, судың құрметіне арналады. Тап сол маңда үнемі ақ сақалды Үлкен есімді шал жүрсе керек. Түркілер оны ылғи қызыл шекпен киіп жүрген қалпында көреді екен. Мұрат Әжінің дәлелдеуінше, ежелгі алтайлықтар шырша мерекесін 25 желтоқсанда, күннің түнді жеңгеніне орайластырып тойлаған екен. Тілек, дұғалары Тәңірінің құлағына шалынсын деген ниетпен, шыршаны үйлеріне әкеліп, оған неше түрлі әсем шүберектер байлапты. Сонан соң, әлгі әсем шүберектермен көмкерілген шыршаны айнала би билеп, ән салатын болған. Егер дәл солай болып, Жаңа жылды шыршамен қарсы алуды түркі халықтарының байырғы салты деп санайтын болсақ, онда Еуропаға бұл мереке кейінірек келген болып шығады.

Мәңгі жасыл ағаштың қай ғасырда, қай заманда төрден орын ала бастағаны жайлы ешкім де бас қатырып, ойланбайтыны белгілі. Белгілісі – Христостың туған күнімен сәйкес келетін Жаңа жылда жасыл шыршамыздың шамы жанып, аққайнарлар атылып, кейбіріміз Қыдырға балайтын Аяз атаның тәтті таратып, көңіліміздің айрықша көтерілетіні.

Жаңа жыл қарсаңында шыршаға төнетін қауіп мықты. Сол себепті, жыл сайын орман шаруашылығының мамандары облыс аймағындағы қарағайларды қатаң бақылауға алады.

Желтоқсан айы басталысымен, қалаға, ауданға кірер жолдар мен базарларда, сауда орындарында тексеру жүре бастайды. Сондықтан да, ағаш кесуден сақ болыңыздар.

Руфат Дәулетханов.
Большенарым орман шаруашылығы,
Көктерек орманшылығының
күтуші-қорықшысы.

ИНЖЕНЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҮЙРЕНУДЕ

Жоғары білікті инженер болам деген оқушыларды ынталандыру үшін, облысымыздың пилоттық мектептерінде «Мен - инженермін» атты жоба енгізілген. Жоба аясында оқушылар озық инженерлік технологияларды оқып үйренуде.

Пилоттық мектептердің ішінде Үлкен Нарын ауылындағы Ленин атындағы орта мектеп бар. Мектептің физика пәнінің мұғалімі Айжан Құрметқанқызы Сейітова «Creo» автоматтандырылған жобалау көпдеңгейлі жүйесінде инженерлік үш өлшемдік үлгілеу бойынша оқыту курсынан өтіп, тиісті сертификатын алған.

-Мен «3D» түрінде үлгілеу және инженерлік графика» тақырыбындағы семинарға қатыстым. PTC Creo бағдарламасындағы үлгілеу негіздерімен танысып, осы бағдарламада жұмыс істеуді үйрендім, - дейді Айжан Құрметқанқызы.

А.Сейітова оқушыларға Қазақстандағы озық инженерлік технологияларды оқыту бойынша мектепке «Болашақ инженерлері» бағдарламасы жіберілгенін атап өтті.

«Болашақ инженерлері» бағдарламасы сыныптағы жұмысты ғана емес, оқушылар мен мұғалімдердің топтық жұмысын, әртүрлі бірлескен жобаларға, оның ішінде халықаралық жобаларға қатысуды көздейді.

Бағдарлама бойынша оқытудың негізгі мақсаты – жобалау мен құрастырудың заманауи ақпараттық технологияларын теориялық және тәжірибелік тұрғыда меңгеру.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Ленин атындағы орта мектепте «Мен - инженермін» үйірмесі жұмыс жасайды. Оның жетекшісі А.Сейітова.

-Үйірмеге жетінші сынып оқушылары қатысады. Олар үлгілердің түрлерімен танысады. «Куб», «Стойка» базалық үлгілерді құруды үйренуде. Онан соң, олар үлгілеу амалдарын қолданып, сызбалар жасау ережелерімен танысады.

Сонымен қатар, оқушылар үлгілеудегі үш өлшемді нысанның қарапайым үлгісін құру қағидаларын білетін болады. Аталмыш бағдарлама аясында балалар кәсіпорындарда қолданылатын инженерлік-компьютерлік бағдарламаларды меңгеретін болады. Бұл білімдері үш өлшемді үлгілермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, болашақ мамандығын таңдауға және инженерлік жоғарғы оқу орындарына оқуға түсуге ықпал етеді, - деп әңгімелейді А.Сейітова.

Үйірме жұмысына қажетті компьютерлік сауаттылықты меңгеру ісінде информатика пәнінің мұғалімі Анар Исақызы Жұмабаеваның үлесі зор.

Жетінші сынып оқушысы Анна Сидорова «Мен - инженермін» үйірмесі жайлы былай дейді:

-Мен компьютерлік үлгілеу жолымен жазықтық құрудан бастадым. Онан соң, куб эскизін шығару үшін, оған нүктелер қойдым. Ойлағаным бірден іске аспады, бірақ кейін дегеніме жеттім. Қиын болса да, өте қызықты болды.

Осылайша қызығушылық танытып, үйірме жұмысында білім мен дағдыларын ұштап Ислам Дүйсембі, Дмитрий Захаров, Максим Крохин, Яна Франк, Сергей Имашбаев, Данила Сухов, Арыстан Рашидұлы, Мансұр Әйгербаев және басқа да оқушылар қатысуда.

Александр Мартынов.

НҰРҒҰМАР МҰРАТБАЕВ

Аудандық «Арай» - «Луч» газетінің редакциясына оқырмандардан хаттар, оның ішінде көптеген өлеңдер келіп түседі. Әрине, оқырмандарымыздың биік сезімдерге, адалдыққа, туған жерге, махаббатқа - поэзияға деген құштарлығы бізді қуантады.

Бүгін біз сөз еткелі отырған айтулы азамат, педагогика саласының ардагері - ұзақ жылдар бойы Солдатово орта мектебін басқарған жерлесіміз, қазіргі уақытта Өскемен қаласының тұрғыны атанған Нұрғұмар Мұратбаев зейнеткерлікке шыққан соң, ауданнан тысқары жерге қоныс аударса да, біздің газетімізден қол үзбей, үнемі өзінің жаңа туындыларын жолдап келеді. Нұрғұмар аға поэзия мен проза жанрына қалам тербегелі біршама уақыт болды. Ол бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, үнемі жақсылармен жанасып, қай жерде болмасын бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан өзгерген жоқ. Оның көңілге қонымды, туған жерге, Отанға, ана тіліне деген сүйіспеншілігін паш еткен, оқырмандарына салиқалы ой тастайтын өлеңдерін біз де шамашарқымызша газет бетінде жариялап келеміз.

Ақын ағамыз елі мен жерін, әлі де болса қатарға толық ілесе алмай келе жатқан тілін, оқырманды сезімге бөлейтін ойларын өз өлеңдеріне арқау етуде.

Газетіміздің кезекті санында біз оқырмандар назарына Нұрғұмар Мұратбаевтың Өскемен қаласындағы «Рекламный Дайджест» баспасы жарыққа шығарған «Қараөзек қарылғаштары» атты жыр жинағынан бір топ өлеңдерін ұсына отырып, ақын ағамызға еліңізге, халқыңызға арнаған жақсы жырларыңыз көп болсын, жақсы ой мен өлеңге тапшылық, шығармашылығыңызда тоқырау болмасын, алдыңызда үнемі өрлеу, шарықтау кезеңдері жатсын деп тілейміз!



Нұрзада Исабаева.

ОТАНЫМ ОСЫ ЖЕРДЕН БАСТАЛАДЫ

Қараөзек – құтты қыстау ел мақтаған,
Халқына сүйеу болған кезде жаман.
Не ексе, соны оратын әрбір адам,
Байлыққа кенелетін күзге таман.

Осы жерде діңгегім, қаққан қадам,
Осы жерде армандап, бақты аңсағам.
Есейіп ер жеткен соң ерке балаң,
Сөз арнады саған да, елге тәмәм.

Туған жерім, ауылым – Үлкен Нарын,
Елім бар аямайтын қолда барын.
Қараөзек, Нарын-Алтай аясы ғой,
Шарласаң таба алмайтын
жердің шарын.

Елімнің шығысында тоқымдай-ақ,
Бүкіл қазақ жерінде қоқымдай-ақ.
Мақтауға тұрғаным жоқ түкті де аяп,
Жер-жаһанда ол бір тек нүктедей-ақ.

Естілсін туған елге үкілі үнім,
Сездіртіп сырын жүрек лүпілінің.
Әлем мен туған жердің көпірімін,
Қараөзек пен Нарынның өкілімін.
Отаным осы жерден басталады,
Қайраты, күші осында от тілімнің.

АЛТАЙҒА СӘЛЕМ БЕРДІҢ БЕ?

Ай мүйізді арқары,
Қиядан көзді тартады.
Мекені шыңның төрінде,
Алтайға шығып көрдің бе?

Ғажаптан ғана жаралған,
Сұлулық көрем маралдан.
Көркейткен таудың көркін де,
Алтайға шығып көрдің бе?

Сыңғырлап көусар бұлағы.
Жайқалған жасыл құрағы.
Жазира жайлау төрінде,
Алтайға шығып көрдің бе?

Шыңынан ақ қар кетпеген,
Екінің бірі жетпеген.
Арманға толы өмірде,
Алтайға шығып көрдің бе?

Мәпелеп ұлын өсірген,
Болсын деп берік өз іргем.
Санаңа тоқып түйдің бе,
Алтайға бас идің бе?

Қияға салып баптаған,
Ұл-қызын елі мақтаған.
Арнаған күшін еліне
Азаматтарын көрдің бе,
Алтайға сәлем бердің бе?

ТІЛ ТУРАЛЫ

Тіл туралы заңды білмей бүгін де,
Қазақтар бар казақтығы жоқ мүлде.
Мәңгүрттенген дүмшелер көп әлі де,
Ынтығы жоқ ана тілін білуге.

Жүре беру үміт күтіп кейіннен.
Айырылу ғой тілге деген мейірден.
Өз тіліңді әрбір қазақ ұлықта,
Қазір тілдің қара бұлты сейілген.

Көтер басты, өз тіліңде жырлағын,
Көрсет тілдің қасиетті бұлағын.
Ана тілге арқау болсын намысың,
Көгерте түс аталы сөз құрағын.

Ана тілдің аташы бір үмітін,
Ана тілге жүрегіңді жібітіп.
Өз тіліңді ардақтасаң, басқалар,
Құрметтейді, бас иеді, жігітім.

Тыңда, інішек, жүректегі дірілді,
Кетіретін көңілдегі кірінді.
Тілге деген аса түсер ауаның,
Халқыңменен оның болар бір үнді.

Оңай емес осы күрес қымбат тым,
Мен сендерге қазақшалап тіл қаттым.
Ана тілін-анамыз деп ұқпасаң,
Қазақ болып жарытпассың, қымбаттым.

Сағыныш

Шалғында асыр салдым,
Шағында балалықтың.
Ауылда тәлім алдым,
Ал қазір қалалықпын.

Қала бір ордасы ғой,
Білім мен даналықтың.
Солай деп қортасың ой,
Бірақ мен далалықпын.

Сағынам Алтайымды,
Бұлақтай сарыныңды.
Сағынам тал, қайыңды
Сағынам Нарынымды.

Сағынам ауылымды,
Сағынам достарымды.
Сағынам дауылыңды,
Менімен қосшы әніңді.

❖ ❖ ❖

ӨТКЕН КҮНДЕР

Сайрандап өткен көп күндер,
Ақ жаңбырдай себелеп.
Нөсер ұшып кеттіңдер,
Сағым боп кеттің, не керек.

Есіме алсам, кешегім,
Ұқсайды тек арманға.
Бақытым алда деуші едім,
Артымда қалып қойған ба?

Жастық шақ кірді түсіме...
Қызықты күндер мол екен.
Барын сезген кісіге,
Бақытты күндер сол екен.

Қазақ қыздары

Қазақтың қара көз қыздары,
Дұшпанға қаңтардың ызғары.
Белгілі ұрпаққа қалдырған,
Ерлікке бастайтын із бары.

Еркесі, көркі қыз халқының,
Саналы сақшысы салтының.
Дәріптеп дамытқан дәстүрін,
Арулар ар-намыс арқылы.

Қазақтың қыздары жайнаған,
Олар тек қыз емес жай маған.
Олар-от, болат қой қайнаған,
Сескеніп сертінен таймаған.

Соққанда соғыстың ызбары,
Аян ғой, жүректің сызбары.
Ерлерді ерлікке бастаған,
Қазақтың қара көз қыздары.

СЕН БОЛМАСАҢ

Сенсіз өмір мен, сірә, сүре алмаспын,
Жайбарақат, еркінсіп жүре алмаспын.
Нөсер құйып тұрса да шөлім қанбай,
Көңілімнің түндігін түре алмаспын.

Сен бар жерде бойымда желігім бар,
Сен бар жерде апайтөс батырыңмын.
Сен жоқ болсаң жапанда жалғыз шынар,
Сияқтымын. Шықпайды пақыр үнім.

Сенсіз өткен әр сағат жылменен тең,
Сезім шіркін созылған қылменен тең.
Сұрғылт күздей өмірім өтіп жатыр,
Сәулең ғана жүректе - нұрменен тең.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЕЛ ГҮЛДЕНГЕН ЕЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «100 нақты қадам – Ұлт жоспарында» кәсіби мемлекеттік аппарат құру реформасына ерекше көңіл бөлініп келеді. «Ұлт жоспарында» көрсетілгендей, мемлекеттік қызмет этикасын арттыру, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шараларын жүзеге асыруда көптеген қадамдар жасалуда. Жылдың басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы жаңа заңдар, мемлекеттік қызметкерге арналған жаңа Әдеп кодексі қабылданған болатын. Сонымен қоса «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы» қабылданды. Барлық қабылданған заңдар мен бағдарламалардың азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін арттыруға, жемқорлық көрсеткішін азайтуға бағытталған. Бағдарламалардың ішінде, ең алдымен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық заңнамаларды жетілдіру және жемқорлықтың жолын кесу басты міндет етіп қойылған. Егер бұрындары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты қозғалған қылмыстық істердің саны мен олардың салдарын жоюмен бағаланса, қазіргі таңдағы іс-әрекет жемқорлықтың себеп-салдарын анықтау мен құқықбұзушылыққа итермелейтін жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асыруда «Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Солоновка ауылдық округі әкімі аппаратының штат саны бес бірлікті, барлық қызметкерлер атқарып отырған лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілерімен әкімшілік және қылмыстық құқық бұзу, бұрын сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылыққа жол берген, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактісі орын алмаған. «ШҚО Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен 2 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2016 жылғы 11 ай бойынша 701 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

2016 жылы заңды тұлғалардың өкілдерінен және жеке тұлғалардан 13 өтініш түскен. Өтініштердің көбі жер пайдалану, жұмыспен қамту туралы мәселелерді қозғайды. Аталған өтініштер қарастырылып, қанағаттандырылды. Ауыл әкімі бекітілген кестеге сәйкес тұрақты негізде заңды тұлғалардың өкілдерін және жеке тұлғаларды қабылдайды.

2016 жылы Солоновка ауылдық округі әкімінің аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған теріс материалдар болған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында ШҚО Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің аппаратының 2015-2017 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарда жалпыға бірдей құқықтық білім беруді ұйымдастыру және өткізу бойынша, сыбайлас жемқорыққа қарсы заңнаманы, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы және ауыл әкімінің қызметіне қатысты заңдарды түсіндіру, ауыл әкімінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған теріс материалдарға қатысты әрекет ету мониторингі, ауыл әкімінің қызметі туралы ақпаратты аудан әкімдігінің сайтында орналастыруды қамтамасыз ету қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ауыл әкімі А. Байғұнұсов 2016 жылғы 27 қазанда ауылдық округте орналасқан мемлекеттік мекемелердің басшыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында жүргізіліп отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, осы жылдан бастап енгізілген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін (сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және мінез-құлық стандарттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, Әдеп кодексі, сыйлықтар туралы ереже,көтермелеу және басқасы) түсіндірді.

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын іске асыру шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша одан әрі жұмыс жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аударды.

Д. Батекенова,
Солоновка ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

■ Заң және біз

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛСАҢЫЗ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - ол отбасы мүшесінің басқа отбасы мүшесіне, сонымен қатар, үй, пәтерде бірге тұрып жатқан адамға немесе бөлек тұрып жатқан бұрынғы күйеуі не әйеліне көрсеткен зорлық-зомбылық, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» Заңға сәйкес зорлық-зомбылық, дене жарақаты, психологиялық, жыныстық және экономикалық болып бөлінеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мемлекеттің даму деңгейіне қарамастан, әлемнің барлық елдерінде кездесетін мәселе. Қазақстанда да осындай мәселе орын алған. Жыл сайын елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты, тіпті адам өлтіру бойынша он мыңдаған оқиғалар тіркеледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері:

- Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық түрінде болуы мүмкін .
- Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.
- Психологиялық зорлық-зомбылық адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау, құқық бұзушылықтарды немесе өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық дене және жеке басы дамуының бұзылуына әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар намысы мен абыройын кемсіту.
- Сексуалдық зорлық-зомбылық адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.
- Экономикалық зорлық-зомбылық адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын қаражатынан қасақана айыру.

Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз, немесе ондай қауіп басыңызға төніп тұрғанын сезсеңіз, онда құқыққорғау органдарының көмегіне жүгініңіз. Сенім телефоны 2-15-25.

Гүлназ Чоенбекова,
Катонқарағай АІІБ ЖПҚ КПП КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты.

«Аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы» Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысының жобасы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1–тармағының 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңының 18-бабының 4) тармақшасына, 96-бабына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық коммуналдық мүлік жекешелендірілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Катонқарағай ауданы әкімінің орынбасары Б. Рақышеваға жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Нұрғожин,
аудан әкімі.

Катонқарағай ауданы әкімдінің 2016 жылғы «___»_____ №____ қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық мүліктің тізімі

№ р/с	Мүліктің атауы	Мүліктің орналасқан жері	Мүліктің балансұстаушысы
1	2	3	4
1	Ақшарбақ ауылындағы мектептің бұрынғы ғимараты	ШҚО, Катонқарағай ауданы, Ақшарбақ ауылы	«Ақсу орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Өрел ауылындағы ОДА бұрынғы ғимараты	ШҚО, Катонқарағай ауданы, Өрел ауылы, Қабанбай батыр көшесі 16	«Өрел ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
3	Гараж ғимараты	ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі 96 Б	«Үлкен Нарын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
4	2001 жылы шығарылған УАЗ 31605 автокөлігі	ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Тумашинов көшесі 4	«Катонқарағай мәдениет және тұрғындардың демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
5	1999 жылы шығарылған ГАЗ 32213224 автокөлігі	ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Тумашинов көшесі 4	«Катонқарағай мәдениет және тұрғындардың демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Тәрбие

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды желтоқсан оқиғасының қатысушыларының ерліктері уақыт өткен сайын жадымызда жаңғырары сөзсіз, өйткені, «Тау алыстаған сайын биіктей түседі»... Сондықтан, қытымыр аязда еліне, жеріне деген балаң махаббатын ту етіп, мұз жастанған қайсар жандармен кездесудің мәні де жоғары.

25 қараша күні Катонқарағай ауылдық кітапханасында аталмыш мекеме және ауылдық Мәдениет үйі ұжымдарының бірлесе ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Желтоқсан жаңғырығы» атты дөңгелек үстел кездесуі өтті. Аталмыш шараның мақсаты – жас ұрпаққа тәуелсіздік туралы насихат беру, еліміздің басты қол жеткізген жетістіктерінен хабардар ету және отаншылдық, елімжандық сезімдерге тәрбиелеу болып табылды.

Кездесу кешіне 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына куәгер болған катонқарағайлық жерлестеріміз Ерлан Рақымжанов, Күлән Тайсаринова, Қайнар Райымбеков, Айнұр Нұрмолдина сияқты қонақтар мен ауылдық С. Ластаев атындағы орта мектебінің оқушылары және ұстаздары қатысты. Дөңгелек үстел шарасы қонақтар мен оқушылар тамашалаған ұйымдастырушылар дайындаған Желтоқсан көтерілісіне арналған бейнебаянмен басталды. Онан соң, кездесу тәуелсіздік үшін жанын пида еткен аға-әпкелеріміздің әңгімелерімен қыза түсті. Қиын-қыстау заманның кейіпкерлері 1986 жыл 16 желтоқсанды терең күрсініспен еске алды және әрбір оқушының сауалына жауап қатып, пікірін тыңдап ой қорыта білді. Аталмыш шарадағы батыр апа-ағаларымыздың ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет араласқан қаралы да қасіретті күні тыңдап отырған бірде-бір баланы бей-жай қалдырмады. Сондай-ақ, ерліктің ащы тұстары айтыла түсіп, жыл сайын күрескерлер ақталып, осы бір қазақтың қабырғасын қайыстырып, жүрегін сыздатқан «Желтоқсан оқиғасы» бүгінде қолға алынып, өзіндік мәртебеге ие болғандығы көңіл қуантатынын да жасырмады.

-Сан ғасыр арман еткен Тәуелсіздіктің туы қаһармандардың арқасында келіп жетіп, желбірей түсуде. Өкінішті сәттердің, соның ішінде, сан мыңдаған батырларымыздан қол үзіп қалғанымызбен, олардың қазақ деп ұрандатқан ащы айқайы әрдайым санамызда, жадымызда мәңгілік жаңғырып тұрмақ- деді мектеп оқушысы Әділет Рамазан.

Өз кезегінде ұйымдастырушылар тарапынан ауылдық Мәдениет үйінің әншісі Алма Орынбаева кеш қонақтарына арнап әсем әнін тарту етсе, мектеп шәкірттері қоса бірігіп, «Атамекен» әнін шырқады.

Ар-ожданын, намыс-парасатын биік ұстап, қиындыққа мойымаған Желтоқсан оқиғасына қатысқан сол кездегі жастар өмірден өз орнын тауып, еліміздің дамуына, татулық пен бірлікті сақтауда, жас ұрпаққа лайықты тәлім-тәрбие беруде ізденіспен ерен еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Олардың кейінгі буынға берер тағылымы да аз емес. Өйткені, Желтоқсан көтерілісінің тарихы беттерінде жерлестеріміздің де өз қолтаңбасы, ерік-жігері, жастық жалыны алаулайды. Қонақтар мен ұйымдастырушылардың ыстық ықыласына тәнті болған мектеп шәкірттері кездесуден көңіл-күйлері көтеріңкі шықты.

Назигүл Смағұлова,
Катонқарағай ауылдық Мәдениет үйінің қызметкері.

Маман ескертеді

Трихинеллез - қауіпті ауру!

Соңғы жылдары ақпарат құралдарында трихинеллез ауруы туралы жиі айтылып жүр.

Трихинеллез-бұл құрт ауруы, оның қоздырғышы көзге көрінбейтін, өте кішкене құрт. Оның мөлшері 1,4 - 3,6мм аралығында болады, балаңқұрттардың мөлшері 0,1мм. Трихинеллалар 1-1,5 ай ішінде 2000 –ға дейін тірі балаңқұрттар туады.

Трихинелла құрты үй шошқаларының, қабандардың, қоңыр және ақ аюлардың, борсықтардың, түлкілердің, иттердің, мысықтардың, егеуқұйрықтардың, тышқандардың және басқа да көптеген сүтқоректілердің, жыртқыш аңдардың ағзасында болады.

Трихинеллез- трихинелла құртымен залалданған, жеткіліксіз пісірілген ет және ет тағамдарын пайдаланғанда жұғады.

Соңғы жылдары облыстың жеке аудандары мен қалаларында адамдар ауруды көбінесе кезбе иттер мен борсықтардың етінен дайындалған кәуәпті пайдаланғанда жұқтырған.

Бұл ауру адамнан адамға жұқпайды.

Ауруды жұқтырған сәттен бастап, оның алғашқы белгілері байқалғанға дейін 10-25 күн, кейде 40 тәулік өтеді.

Ауру жіті түрде өтеді, науқастың бетінде ісік және денесінде бөртпелер пайда болады. Аяқтың бұлшық еттері, көздері ауырып, дене қызуы 38°-40°С дейін көтеріледі. Трихинелланың балаңқұрттары (личинкалары) қан арқылы бүкіл ағзаға таралып, жүректің, аяқтың еттерінде, көз алмасында, қалып қояды. Аурудан емделмеген жағдайда, оның асқынуы мүмкін: жүрек еті, өкпе, ми қабынады, ауыр жағдайларда науқастың өліп кетуі мүмкін.

Ауру 2 - 6 аптаға дейін созылады.

Осы қауіпті аурудың алдын алу үшін келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

1. Ет және ет тағамдарын тек қана ұйымдастырылған сауда орындарынан сатып алу керек.

2. Ет және шала ет тағамдарын (тартылған ет, котлеттер, түшпаралар) ұйымдастырылмаған сауда орындарынан, кездейсоқ адамдардан сатып алмаған жөн.

3.Трихинелла құрттары қоршаған ортаның әсеріне өте төзімді келетіндіктен, етті кем дегенде 2,5 сағат пісіру керек.

• Кәуәп дайындағанда пайдаланылатын сірке қышқылы, тұздықтар, сондай-ақ, химиялық заттар, етті тұздау, қақтау трихинелла құрттарын өлтіре алмайды.

4.Үй жануарларын міндетті түрде құртқа қарсы емдеп отыру керек.

5. Тұрақты мал ұстайтын орындарда кеміргіштерді үнемі жойып отыру қажет.

Естеріңізде болсын, трихинеллез - қауіпті ауру! Ет және ет тағамдарын пайдаланғанда қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар!

Айгүл Ибраева,
Катонқарағай аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының СЭҚТҚҚ бөлімінің басшысы.

Нұсқаулар берілді

Қазіргі уақытта жаңбыр жауып, көктайғақ болуына және алдағы қар көшкіні түсу қаупі басталуына байланысты Катонқарағай МҰТП-нің бас директоры Е. Мұстафин «Төтенше жағдайдың алдын алу» туралы 2016 жылдың 2 қарашасындағы №170-Ө бұйрығына сәйкес, Ақсу орманшылығының орманшысы Б.Барзанов осы бұйрықпен таныстыру үшін, барлық қызметкерлерге кезектен тыс жиналыс өткізді. Бұйрықтың әр тармағын мұқият тыңдаған инспекторлар техника қауіпсіздігі ережесі бойынша жасалған журналға қол қойды. Және жергілікті тұрғындарға мөлдектен отын босату кезінде техника қауіпсіздігін сақтау бойынша инспекторларға нұсқаулар берілді.

Б.Тоқбаев,
Ақсу орманшылығының инспекторы.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ №9 2016 жылғы «24» қараша

Статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда ҚР Статистика агенттігі ШҚО Статистика департаменті Катонқарағай ауданының статистика басқармасына сілтеме жасау міндетті.

ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2016 жылы қыркүйек айында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 82 859 теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 123,3 %.

2016 жылдың қаңтар-қазан айындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 216,9 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңінде негізгі капиталға 2 022,2 млн теңгенің инвестициялары тартылған .

2016 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында бөлшек саудада тауар айналымының көлемі 2 903,2 млн теңгені құрады,2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі тауар айналымының 89,7%.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында 2 550,1 млн.теңгенің тұтастай өнеркәсіп өнімдері өндірілді,оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім 2 126,5 млн.теңгені құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 1 408,3 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 1 565,9 млн теңгенің өнімі өндірілген.

2016 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 15 131,8 млн теңгені құрады.Нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 95,7 % .

Есепті мерзім аралығында 534 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді.

Ауданда қаңтар-қазан айлары аралығында 1 402,9 млн. теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңінде атқарылған құрылыс жұмыстарының 53,9 % құрайды.

2016 жылғы 1-қарашадағы жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 141 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 101 бірлік, соның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 86, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 88,7 % азайғаны байқалады.

Ерік Мамыров,
аудандық Статистика басқармасының басшысы.

Құрметті кәсіпкерлер!

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК ауданымыздың іскер азаматтарына, мемлекеттік жеке меншік серіктестігі (ГЧП) бағдарламасы аясында мұражай аумағында асхана – дәмхана салуға өзара тиімді жобасын ұсынады. Ниет білдірушілер төмендегі телефондарға хабарласуына болады.

Жұмыс тел: 872342-2-22-55; 872342-2-22-74.
Ұялы тел: 87777099178.

Құрметті жерлестер!

Құрметті Катонқарағай ауылының тұрғындары, бүгінгі күні ұмыт болып бара жатқан тарихи мәні бар көне бұйымдар (алаша, сырмақ, ағаштан жасалған заттар, темір бұйымдары, зергерлік бұйымдар, т.б) болса «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорына берулеріңізді сұраймыз. Жас ұрпақты ертеректе қолданыста болған бұйымдармен таныстыруға, тарихымызды насихаттауға өз үлестеріңізді қосады деген үміттеміз.

Жұмыс тел: 872342-2-22-55; 872342-2-22-74.
Ұялы тел: 87777099178; 87022799500.

Мақажанов Бақытбектің атына берілген жеке бас және жүргізушілік куәліктер жоғалды. Тауып алғандар болса Қайыңды ауылындағы 5-06-06 телефоны бойынша хабарласса екен. Сүйіншісі даяр.

Абылайхан к-сі, 79 мекен-жайында орналасқан жұмыс жасап тұрған дүкен сатылады. Сонымен қатар, мал тұзы сатылады.

Амангелді к-сі,110 үй, мекен-жайына хабарласуға болады. Тел. 87052824248.

ЕСКЕ АЛУЛАР



Катонқарағай ауылының тұрғындары болған асқар таудай әкеміз, қамқоршымыз, панамыз СМАҒҰЛОВ ҚАДЫЛБЕК УӘШҰЛЫН

Он жыл өтті асқар тауымыз
құлағалы,
Он жыл өтті анам іздеп
жылағалы.
Әр күніміз сағынышпен
өткенімен
Жүрегіміз әке деп сағады әлі.**-дей келе он екіде бір гүлі ашылмай өмірден тым ерте озған ағаулы бауырымыз, тірегіміз СМАҒҰЛОВ БАҚЫТЖАН ҚАДЫЛБЕКҰЛЫН да сағынышпен еске ала отырып:**

Орның толмас, ойсырап
қалды міне,
Жүрек сыздап, өзінді
сағынамыз.
Әттең-ай, жоқ дегенге
қимасақ та,
Тағдырдың дегеніне
бағынамыз.
Қадірлі едің, ағайын,
ел-жұртыңа.
Асыл бейнең қалады жүректерде,
Ұмытылмақ емессің сен ешқашанда.
Бір жыл болды жүрегің тоқтағалы,
Қайырылып үйіңе соқпағалы.
Апайын,туыс-бауыр жүрміз міне,
Орныңды толтыра алмай жоқтап әлі.
Мәңгілік кім бар дейсің бұл жалғанда,
Ғұмырың келте болды, амал бар ма?
Барамыз сағынғанда басыңа да,
Оған да сағынышымыз басыларма ма?!
Тағдырға адам шара қыла алмайды.
Ойламай кеткен жанды тұра алмайды.
Артында қалған туыс, балаларың,
Мәңгілік сені есінен шығармайды.

2016 жылдың 11 желтоқсан күні сағат 12-00 –де Катонқарағай ауылындағы қатымханада Смағұлов Кадылбек Уәшұлының бақилық болғанына 10 жыл және ұлы Смағұлов Бақытжан Қадылбекұлына бір жыл толуына орай, құран бағышталып ас беріледі. Асқа барлық туған-туысқандарымызды, құдажегжаттарымызды, достарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: зайыбы, анасы Қорлығайын, балалары, туғандары: Серікбек-Айгуль, Бекзат-Ришат, Талғат-Вера, Бауыржан-Назым.

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған аяулы ұлымыз, бауырымыз НҰРМОЛДИН САМАТ САҒЫНҒАНҰЛЫ ортамызда аман-есен жүрсе, 11 желтоқсанда 33 жасқа толар еді.

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын,
Тата алмай шаттық өмір тәттілігін.
Жарқырап келе жатқан жұлдызым ең,
Әттең-ай, ерте сөнді-ау, от-ғұмырың.

Қыраным ең шырқар биік аспанға,
Айналардай ұлым едің мақтанға.
Пенделіктің ашпай жатып есігін,
Періште боп ұшып кеттің аспанға.

Шаңырақтың кенжесі едің, еркесі ең,
Он жыл өтті, сағындық қой құлыным.
Жылауменен көз жасымыз сарқылып,
Он жыл бойы қайғы бұлтын жамылдым.

Алла алды өзі берген ұлымды,
Біз тілейміз жұмақта орны болғанын.
Туыстар мен достарынан сұраймыз,
Дұға оқып, сені есіне алғанын.

Еске алушылар: ата-анасы, аға-жеңгелері, апа-жезделері, бауырлары мен қарындастары.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і директорының м.а. О.С. Шабалина.

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы: **Жайдары Нұрғазина**
Газет нөмірі бойынша кезекші: **Жанар Қасымханова**

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail. ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2418 дана: «Арай»-1407, «Луч»-1013. № 7838